Жуалы ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөліміне
«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігінен
Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Мәңгілік Ел 32/8
ЖСН: 170240012608
shapai20157@mail.ru
ұялы тел. 87011808022

Шағым

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешіміне наразылық білдіреді. Конкурстың №16338086-1, атауы «Нашақорлық пен суицидтің алдын алу мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру», лоттың № 84506796-ГСЗ1, қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарауды ұсынады және Конкурстық комиссия «Ақ Сұңқар» ЖҚБ-ны ұсынған өтінім бойынша жеңімпаз деп тануымен келіспейді және құқық бұзушылыққа жол берілгенін хабарлайды:

Келіспеуге негіздеме:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 (*ары қарай – Қағида*) 411-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдеріне балл береді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау өлшемшарттары көзделген.

Тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу **конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасына** сәйкес есептеледі - делінген.

Осы тұста Мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасы бойынша «Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін зерделей келе анықталды:

4-критерий. Қағидалардың 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.**

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде жұмыс тәжірибесі *(2017-2025 ж.ж. актілер мен шот фактуралар ұсынылған)*, бұл жалпы, сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің барлығы 9 жыл, ал Әлеуетті өнім берушінің сатын алынатын қызметтердің мәні мен мақсаттарына сәйкес келетін **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыруында **екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанда жұмыс тәжірибесі бар.**

Осылайша жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 4 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды.

Осы тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын затқа сәйкес ұқсас (аналогичные) қызметтерді көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша **3 ұпайдың** орнына **6 ұпай** қою ұсынылады.

6-критерий. Қағидалардың 21-қосымшасының 6-тармағына сәйкес, **Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі үшін ұпайлар қойылады.**

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда 9 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі үшін **4 ұпайдың** орнына **6 ұпай** мөлшерінде қолданылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конкурстың қорытындыларын шығару кезінде анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, жоғарыдағы лот бойынша конкурстық өтінімдерді және конкурс нәтижелерін қайта қарауды, Заңның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұпайларды белгілеуді және сотқа дейін реттеуді сұраймыз.

«Елу жылда- Ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл

ЭЦҚ арқылы қол қойылды.
06.03.2026ж.